

*¹Жүзбаева Ұ.Д.  ²Ильясова З.С. 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: uldanai1994@mail.ru, zibaguliyasova@gmail.com

ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ҚАЛҚАШАНДИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақала түрік тарихшыларының еңбектеріндегі XIV ғ. екінші жартысы – XV ғ. бірінші жартысы кезеңінде Мысырда өмір сүрген Әл-Қалқашандидің⁴ шығармашылық жолын талдауға арналған. Түрік зерттеушілерінің қаламынан шыққан ғылыми жарияланымдарында бұл тарихи тұлғаның орта ғасыр кезеңіндегі Таяу Шығыс елдерінің мәдениеті мен зерттеу бағыттарына қосқан үлесі талданады. Мақаланың мақсаты – түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі Әл-Қалқашандидің зерттеу бағыттарының дамуына қосқан үлесін талдау. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау керек: а) Әл-Қалқашандидің өмір жолына әсер еткен факторларды анықтау; б) бұл тарихи тұлғаның шығармаларының ерекшеліктерін зерттеу; в) Әл-Қалқашанди туындыларының әлеуметтік маңызын көрсету. Мақаланы жазу барысында қолданылған ғылыми әдістер төмендегідей екі топқа бөлінеді: а) жалпы ғылыми зерттеулерде қолданылатын талдау және синтез әдістері; б) арнайы тарихнамалық әдістерге жататын просопографиялық және тарихи-генетикалық әдістер, сондай-ақ библиографиялық іздеу әдісі. Бұл әдістер қойылған мақсатқа жеткізуге септігін тигізеді. Жасалған зерттеудің нәтижесінде мақала авторлары Әл-Қалқашанди Таяу Шығыс елдеріндегі мәдениетінің, соның ішінде тарих, каллиграфия, тарихи география және т.б. әлеуметтік салалардың дамуына елеулі үлес қосқан деген байламға келді. Әл-Қалқашанди шығармаларының энциклопедиялық сипатын ескерілсе, бұл тарихи тұлға көптеген тарихи үрдістер мен құбылыстардың әлеуметтік түп-тамырын ашып берді деп айтуға болады.

Алғыс: Мақала AP22682863 «Әл-Қалқашандидің (XV ғ.) «Субх әл-А‘ша фи сина‘ат әл-инша» атты ғылыми жобаны орындау аясында жазылды.

Кілт сөздер: Әл-Қалқашанди, түрік тарихнамасы, тарихи география, орта ғасыр саяхатшылары, Түркия тарихы, Таяу Шығыс, Мысыр тарихы, Мәмлүк мемлекеті

Кіріспе

Қазіргі уақытта тарих ғылымында тарихнамадағы тұлғатану бағытын зерттеуге көп мән беріледі. Бұл жайт тақырыптың әлеуметтік және ғылыми маңыздылығымен түсіндіріледі. Ең алдымен, *әлеуметтік жақтан* қарайтын болсақ, тарихнамалық мәселелерді зерттеу белгілі бір қоғамдағы ғылыми ойдың дамуын нақты түрде көрсетіп, зерттеулер саласында бұрын қызмет еткен жаңалықтары мен жаңсақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге тарихнама саласындағы ғылыми зерттеулер өткен дәуірлерде идеологияның қоғамға және жеке тұлғаға қалай әсер еткендігін көрсетеді. Бұл қазіргі азаматтың әртүрлі үрдістерге әрі құбылыстарға сыни көзбен қарауға үйретеді. *Ғылыми тұрғыдан* қарағанда, осындай тақырыптарды зерттеу тарихнаманың дамуына байланысты көптеген мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Мысалы, тарихнамадағы «ақтаңдақтарды» анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, тарихнамаға байланысты ғылыми зерттеулер нақты дәлелденген фактілерді жүйелеп, дәйекті түрде талдауға болады. Бұл ретте тарих ғылымының белгілі бір бағытындағы жаңалықтар мен

⁴ Толық есімі – Әбу Аббас Ахмед ибн Әли ибн Ахмед ибн Әбдиллах еш-Шихабуддин ибн Жемал әл-Қалқашанди әл-Каири еш-Шафии (Ebü'l-Abbâs Ahmed b. Ali b. Ahmed b. Abdillâh eş-Şihâbüddîn b. Cemâl el-Kalkaşendî el-Kâhîrî eş-Şâfîî) (Islam, Kazan, 2024: 229)

кемшіліктерді айқындау үшін анда-санда осы уақытқа дейін жасалған ғылыми зерттеулердің жағдайын көру керек. Алайда төмендегідей сөз болып отырған тарихнамалық шолу нақты көрсеткендей, бұл мәселеде ғылымда әлі де өзінің толық шешімін таппады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақала жазу барысында негізінен XX ғасырдың ортасынан бастап бүгінге дейінгі кезеңде түрік тілінде жарық көрген ғылыми еңбектер пайдаланылды. Түрік зерттеушілерінің қаламынан шыққан жұмыстарда Әл-Қалқашандидің өмір және шығармашылық жолына қатысты еңбектер нақты материалдарымен құнды. Бұл ретте оған тікелей немесе жанама арналған мақалаларды төмендегідей топтарға бөлуге болады. Бірінші топқа Әл-Қалқашандидің өмірбаянына (қай жылы және қай жерде туған және т.б.) қатысты еңбектер кіреді. Осындай мәліметтер оның туып-өскен ортасының ерекшеліктерін көруге мүмкіндік береді. Екінші топқа Әл-Қалқашандидің қаламынан шыққан туындыларға талдау жасайтын түрік ғалымдарының ғылыми шығармалары жатады. Олардың еңбектерінде Әл-Қалқашандидің қоғамдық ұстанымдарына, оның туындыларының негізгі пікірлеріне және т.б. мәселелерге жан-жақты сипаттама берілгендігі. Үшінші топқа сөз болып отырған мәселеге қатысы бар әртүрлі анықтамалық ақпарат қамтитын мақалаларды жатқызуға болады. Мақаланы жазу үшін пайдаланылған материалдарға ғылыми интерпретация жасалғанда келесі әдіс-тәсілдер қолданылды. *Талдау және синтез* сияқты жалпы ғылыми әдістерді айтпағанда, ең алдымен әңгіме тарихи тұлғаның өмір жолы мен оның әлеуметтік ортасын, қоғамдық-саяси көзқарастарын, білімін және т.б. зерттеуді көздейтін *просопографиялық әдіс* жөнінде болып отыр. Түптеп келгенде сол арқылы тарихи тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайын, оның іс-әрекеттерінің жасырын ниеттерін және т.б. жайттарды анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, мақалада қолданылған *тарихи-генетикалық әдіс* арқылы әртүрлі ғылыми және қоғамдық және т.б. концепциялардың себеп-салдарлық байланыстарын ашуға болады. Үшіншіден, *библиографиялық іздеу әдіс* белгілі бір мәселеге арналған еңбектерді жүйелеп, ғылыми проблеманың зерттелмеген немесе жеткіліксіз зерттелген аспектілерін анықтауға септігін тигізеді. Жалпы алғанда, аталған әдістер мақалада қойылған мақсатқа жетуге жағдай жасайды.

Талқылау

Қазіргі уақытта атақты тарихи тұлға Әл-Қалқашандидің жеке өмірі мен оның шығармаларының әртүрлі қырларын қозғайтын көптеген еңбектер бар. Бұлардың біразы автордың бұрын жарияланған мақалаларында талданған (Жузбаева, Ильясова, 2024; Zhuzbayeva, 2025a; Zhuzbayeva, 2025b). Мұсылмандық Шығыстағы біртуар ғұламалардың өмір және шығармашылық жолының жекелеген қырлары шетелдік һәм советтік ғалымдардың жұмыстарында да көрініс тапты (Матвиевская, 1967; Матвиевская, Розенфельд, 1983; Историография и источниковедение..., 1999: 42; Atik, 2016; Şeşen, 1998; Muslu, 2016; және т.б.). Алайда содан осы мәселенің тарихнамасы толыққанды әрі жан-жақты сипатталды деген пікір туындамаса керек. Өйткені бүгінге дейін зерттеушілердің ғылыми жарияланымдарында Әл-Қалқашандиге қатысты нақты көрініс таппаған аспектілердің бар екендігін айта кету жөн. Атап айтқанда, түрік тарих ғылымында мәмлүктер кезеңіндегі Мысыр тарихына көп көңіл бөлінеді. Бұл ретте аталмыш дәуірдегі Мысыр мәдениетінің дамуын талдау барысында түрік ғалымдары Әл-Қалқашандидің сол кездегі ғылымға қосқан үлесіне ерекше назар аударады. Бірақ, өкінішке қарай, Түркия тарихшыларының бұл мәселе жөніндегі еңбектеріне Қазақстан тарих ғылымында нақты әрі жүйелі түрде талдау жасалмаған. Сондықтан да бұл мақала белгілі бір дәрежеде осы мәселені зерттеудегі зерттелмеген немесе жеткіліксіз зерттелген мәселелерді зерттеуге бағытталады.

Зерттеу нәтижелері

Әл-Қалқашандидің өмірі мен шығармашылық жолының сан алуан аспектілері көптеген түрік ғалымдарының, соның ішінде шығыстанушылары мен тарихшыларының ғылыми еңбектерінде нақты көрініс тапқандығын айтуымыз керек.

Түрік зерттеушілерінің кейбір еңбектері Әл-Қалқашандидің есімі ислам дініне қатысты практикаға, қазіргі Түркия территориясында орын алған тарихи оқиғаларға немесе оның өмірбаянына және т.б. байланысты контекстінде аталады. Мысал ретінде Әбдулғалип Асланның «Eyyübîler Döneminde Fıkıh Eğitimi» («Аюбидтер кезеңіндегі фикһ ілімі») (Aslan, 2021) деген еңбегін келтіруге болады. Мақаланың тақырыбынан көрініп тұрғандай, Аюбидтер мемлекетіндегі құқық жүйесіне арналған. Сонымен бірге мақалада Әл-Қалқашандидің өмірбаянына байланысты кейбір мәліметтер келтіріледі. Атап айтқанда, әңгіме «ижазет» («icazet») жөнінде болып отыр. Ислам құқықтық дәстүрінде бұл құжат дінтану саласында оқытушылық жасауға құқық береді. Әбдулғалип Асланның сөз болып отырған мақаласында Александрия қаласында «ижазет» 21 жастағы Әл-Қалқашандиге берілгендігі туралы айтылады. Бұл ретте сол құжатта Әл-Қалқашандидің «ижазетті» алуға лайық екендігіне назар аударылады (Aslan, 2021: 170).

Әл-Қалқашандиге байланысты кейбір жайттар Якуб Шивелектің «Kâbe Örtüsünün Değiştirilmesi Bağlamında Orta Doğu'da Osmanlı Dönemi Nüfuz Mücadelesi ve Bunun Arap Basınına Yansımaları» («Қыбла жамылғысының ауыстырулуына қатысты Таяу Шығыстағы османлы кезеңіндегі ықпал үшін күрес және оның араб баспасөзіндегі көрініс») (Civelek, 2012) атты мақаласында да сипатталады. Әңгіме ислам әлеміндегі «кисва» (Қыбла жамылғысы) және соған байланысты саяси ықпал жөнінде болып отыр. Якуб Шивелектің айтуы бойынша, 1258 жылға дейін кисва Бағдад қаласынан Меккеге жіберілсе, 1258 жылдан 1517 жылға дейін Каирден жіберілді. Бұл ретте Әл-Қалқашандиге сілтемеге Йемен билеушілері де анда санда кисваны жіберу құқығын өзіне алып алуға тырысқандығын жазады (Civelek, 2012: 849).

Осы тарихи тұлғаның білімінің ұшан-теңіз екендігін зерттеуші Күршат Солақ өзінің «Memlûk Devleti ve Kuzey Anadolu» («Мәмлүк мемлекеті және Солтүстік Анадолы») (Solak, 2012) деген еңбегінде нақты көрсетеді. Мысалы, қазіргі Түркияның XIII – XVI ғасырлардағы территориясындағы, соның ішінде Анадолыдағы да, орын алған әскери әрі саяси оқиғаларды сипаттай отырып, Күршат Солақ оны тарихшы ретінде көрсетеді. Атап айтқанда, XIII ғ. басы – XIV ғ. алғашқы ширегі кезеңінде Анадолыдағы түрік бейліктерінің (мемлекеттерінің) тарихын зерттеу барысында Әл-Қалқашандиге сілтеме жасап, төмендегідей жайтқа назар аударды: «...Қалқашанди Анадолы бейліктерін сипаттағанда, ең күштісі Гермиан бейлігі болғандығын және кейбір басқа бейліктердің соған (Гермиан бейлігіне. – авт.) тәуелді екендігін жазады» (Solak, 2012: 112).

Түрік зерттеушілерінің кейбір еңбектері Әл-Қашандидің қаламынан шыққан туындылар талданады. Мысалы, Рамазан Қазанның «El-Kalkaşandı'nin Subhu'l-a 'Şa Adlı Eseri ve Edebi Özellikleri» («Әл-Қалқашандидің «Субһу л'Аша»⁵ атты шығармасы және оның әдеби ерекшеліктері») (Kazan, 2003) атты еңбегінде Әл-Қалқашандидің өмірі оның шығармашылық жолы сипатталады. Бұл ретте осы мәселемен ғана шектелмей-ақ, автор Әл-Қалқашанди өмір сүрген дәуірдің саяси және мәдени жағдай һәм бұл тарихи тұлғаның «Субһу л'Аша» туындысының ішкі мазмұны мен құрылымына талдау жасалады. Рамазан Қазанның айтуынша, сөз болып отырған туынды (14 том) 1912–1919 жылдар аралығында Каир қаласында Мұхаммед Әбдуррасул Ибраһим тарапынан басылып шығарылды. 1987 жылы Бейрутта (Ливан) осы шығарма 16 том түрінде жарық көрді. Әл-Қалқашандидің еңбектерін, соның ішінде «Субһу л'Аша» деген шығармасын да, сипаттағанда Рамазан Қазан бұлардың әлеуметтік маңызын, мұсылман әлеміндегі ғылым мен мәдениетіне әсерін, сондай-ақ араб әдебиетіндегі орнын нақты түрде көрсетеді. Бұл ретте «Субһу л'Ашаның» энциклопедиялық

⁵ Шығарманың толық атауы – «Субһу л'Аша Фи Китабети л'Инша» (“Subhu l-a'ş'a fi kitabeti l-inşa”) (Furat, 1979: 228)

сипатына ерекше назар аударын, түрік ғалымы жалпы Таяу Шығыста осындай энциклопедиялық еңбектердің пайда болуына бірнеше себеп келтіреді. Оның пікірінше, біріншіден, моңғол шапқыншылығы нәтижесінде көптеген мәдени ескерткіштер жойылғандықтан Әл-Қалқашанди сынды ойшылдар осы жолмен мәдени мұраны сақтауға тырысты. Екіншіден, Андалусия сияқты мәдени орталықтар бар болғандықтан дарынды адамдардың бір-бірімен тығыз байланыста болуына қолайлы жағдай жасалды. Үшіншіден, авторлар әртүрлі тақырыптар төңірегінде көп материал беруге бар күш-жігерін салды (Kazan, 2003: 113–114).

Әл-Қалқашандидің өмір әрі шығармашылық жолы һәм ғылыми қызметі Рамазан Қазанның кейінгі кезеңдегі еңбектерінде де көрініс тапты. Мәселен, Сүнұллах Исламмен бірігіп жазған «Memlûkler Dönemi Divan Kâtiplerinden El-Kalkaşendî'nin Arap Dili ve Edebiyatına Yaklaşımı» («Мәмлүктер дәуірінің хатшысы Әл-Қалқашандидің араб тілі мен әдебиетіне көзқарасы») (İslam, Kazan, 2024) деген мақаласында Мәмлүктер кезеңінде Мысырдағы энциклопедиялар, сөздіктер құрастыру, араб тілі мен әдебиеті және т.б. бағыттар бойынша жетістіктерге көңіл бөледі. Авторлар аталмыш кезеңдегі сөз болып отырған мәселені талдау барысында Әл-Қалқашандидің есімін XIII–XVI ғасырлардағы Ибн-Халикан, Ибн-Манзур, Нүвейри, Ибн-Қайым, Куртуби, Зеһеби, Суйути, Ибн Хажер әл-Асқалани сынды «біртуар ғалымдар мен іс-қағаздар (divan katipliği) жөніндегі мамандардың» ішінде атап өтті. Бұл ретте Сүнұллах Ислам мен Рамазан Қазанның айтулары бойынша, Мәмлүктер кезеңіндегі ғылымның дамуына түркілерден шыққан Зеһеби, Сафеди, Айни, Ибн-Хұмам, Мұхиддин әл-Кафиежи және т.б. зерттеушілер болғандығына ерекше назар аударды (İslam, Kazan, 2024: 226, 228). Әл-Қалқашанди туралы айтатын болсақ, өздерінің мақаласында түрік ғалымдары ең алдымен оған байланысты өмірбаяндық мәліметтер келтіреді. Келтірілген ақпараттарға қарағанда, ол 1355 жылы Қалқашенде ауылында туды. Кайс айлан (Бени кайс айлан) (Benî Kays Aylân) тайпаларының фезәри (Fezâri) руынан шыққан Әл-Қалқашанди араб мәдени ортасында тәрбиеленді. Мысырдың ғылыми орталықтарының бірі болып табылатын Александрия қаласына барып, «фикх, әдебиет, тарих, тіл, сөздік, каллиграфия» сияқты бағыттарда білім алды. Кейін дарынды мемлекеттік қызметкер ретінде әртүрлі салаларда білім алуын жалғастырды. 1399 жылы сұлтан Зәһир Беркук⁶ тұсында Диван-и Иншаға (Dîvân-ı İnşâ) қызметке алынды. Осы тұста Сүнұллах Ислам мен Рамазан Қазан төмендегідей жайтқа ерекше назар аударды, яғни сол кезеңде аталмыш мекемеде жұмыс істеу үшін өте сауатты болу, әсіресе риторика (belağat) мен жазба тілді (nesir) жақсы меңгеру керек еді. Сондықтан да араб тілі мен араб әдебиетінің Әл-Қалқашандидің өмірінде әрі қызметінде елеулі рөл атқарғандың ерекше атап өткен жөн. Сүнұллах Ислам мен Рамазан Қазанның айтуы бойынша, бұл мәселе Әл-Қалқашандидің «Субһу л'Аша» деген еңбегінде айқын әрі жүйелі көрініс тапты. Оның жазғанына қарағанда, «араб тілі – сөздердің айтылуы жағынан ең сенімді және түсінікті, сөйлеуі жағынан ең әдемі және мағынасы жағынан ең кең тіл» (İslam, Kazan, 2024: 231). Бұл себептен Алла Тағала араб тілін «аспан мен жұмақ тұрғындарының тілі» («semâvât ve cennet ehlinin dili») ретінде таңдады, Құранды да араб тілінде берді. Сонымен бірге басқа тілдерден гөрі араб әліпбиінде артық ештеңе жоқ (İslam, Kazan, 2024: 231). Осылайша, Әл-Қалқашанди мұсылман әлеміндегі араб тілі мен араб мәдениетінің ерекше орынға ие екендігін алға тартады.

Ибраһим Кафесоғлу өзінің «Kalkaşandi'nin Bilinmeyen Bir Eseri: Meâsirü'l-İnâfe» («Әл-Қалқашандидің белгісіз бір шығармасы: Меәсирү'л-нәфе») (Kafesoğlu, 1956) деп аталатын еңбегінде Әл-Қашандидің шығармашылық жолына қатысты кейбір жайттарға көңіл бөлгендігін атап өту жөн. Ең алдымен түрік ғалымы аталмыш туындының ғылыми айналымға енгізілуіне байланысты кейбір ерекшеліктерді баяндап берді. Оның айтуынша, белгілі неміс

⁶ Сұлтан Зәһир Беркук – 1382–1389 және 1390–1399 жылдар аралығында черкес ортасынан шыққан Мәмлүк сұлтаны. Тұған жылы нақты белгілі емес, бірақ кейбір зерттеушілердің тұжырымы бойынша, Зәһир Беркук 1340 жылы дүниеге келген (Толығырақ қараңыз: Tekindağ, 1992: 511–512)

шығыстанушысы Хелмут Риттер 1949 жылы жарық көрген мақаласында Түркияның Бурса қаласында орналасқан Орхан Гази кітапханасының (Orhan Gazi Kütüphanesi) бір қорынан авторы белгісіз «Meâsirü'l-İnâfe» («Меәсирү'л-нәфе») атты бір шығармаға оның мазмұнын баяндайтын кіріспе жазды. Бұл ретте бұрын белгілі османлы саяхатшысы Кәтиб Шелеби де осы туындының Бурсада сақталатынын атап өтіп, оны кім жазғаны белгісіз деп айтты. Аталмыш еңбектің шығу тегін зерттеу барысында Хелмут Риттер «Меәсирү'л-нәфенің» ішкі құрылымы (баптар, тармақтар және т.б.) мен тақырыбына (хат жазудың әдіс-тәсілдері) талдау жасап, осы трактатты атақты тарихшы Әл-Қалқашандидің «Subhu l'Аша» атты шығармасымен салыстырып, сосын екі еңбектің арасында кейбір ұқсас элементтерді тауып «Меәсирү'л-нәфені» жазған Әл-Қалқашанди болған деген байламға келді. Өйткені сонымен бірге осы шығарманың тағы бір нұсқасы Истанбұлдағы Сүлеймание кітапханасынан табылды. Ал сол нұсқаның ішінде автор ретінде Әл-Қалқашандидің есімі кездеседі екен (Kafesoğlu, 1956: 99).

Ибраһим Кафесоғлу анықтағандай, Әл-Қалқашанди бұл шығармасын Мысырдың Каир халифасы II Әл-Мутаидке (1414–1441 ж. аралығында басқарған) арнап оны 1416 жылы аяқтады. Жалпы алғанда, «Меәсирү'л-нәфеде» каллиграфия мәселесі әдіс-тәсілдері баяндалған. Сонымен қатар, түрік зерттеушісі атап өткендей, бұл еңбекке көп суреттер мен үлгілер қоса берілген (Kafesoğlu, 1956: 100). Осылайша, аталмыш туындыда Мұсылмандық Шығыстың бейнелеу өнері мен каллиграфия мәдениетінің ерекшеліктері нақты көрсетілген.

Ахмет Субһи Фұраттың «İslam Edebiyatında Ansiklopedik Eserler (h. IV – IX / m. X. – XV. asırlar)» («Ислам әдебиетіндегі энциклопедиялық шығармалар (хижра бойынша IV–IX ғасырлар / X–XV ғасырлар)») (Furat, 1979) атты мақаласында орта ғасырлар кезеңінде өмір сүрген араб авторларының 22 шығармасына («Мекалиду л'Улум», «Нефайсу л'Фунун», «Нузхету л'Кулуб» және т.б.) қысқа да нұсқа жан-жақты сипаттама беріледі. Соның ішінде түрік зерттеушісі Әл-Қалқашандидің «Subhu l'Аша»⁷ туындысын талдауға көңіл бөледі. Бұл ретте Ахмет Субһи Фұрат Әл-Қалқашандидің тарих пен әдебиетке, сондай-ақ мұсылмандардың күнделікті өмірін реттейтін ережелерін авторы екендігін атап өтіп, аталмыш шығармаға ерекше назар аударады. Түрік ғалымының пайымдауынша, бұл «энциклопедиялық туындылардың керемет үлгілерінің бірі» (Furat, 1979: 228) болып табылатын еңбекте тарихқа, географияға, ислам дініне және қоғамдық өмірдің т.б. салаларына арналған мәліметтерді қамтиды. Мысалы, Ахмет Субһи Фұраттың айтуы бойынша, осы шығармада филология (араб тілі, шет тілдері («yabancı diller») және т.б.), этнография (арабтардың әдет-ғұрыптары және т.б.), білім жүйесі (кітапханалар мен кітаптар және т.б.), биология (жыртқыш құстар, аңдар және т.б.), әскери іс (қарулар және т.б.) сияқты бағыттарға байланысты мәліметтер келтіріледі. Сонымен бірге Әл-Қалқашандидің аталмыш туындысы физикалық географиядан (сулар, жер бедері және т.б.) басқа, саяси география жөнінде ақпараттарды қамтиды. Мысалы, Ахмет Субһи Фұрат келтірген географиялық атауларға қарағанда, бұл еңбекте Таяу Шығыс (Мысыр, Сирия, Бахрейн, Иран, Йемен, Византия, Йемене⁸ және т.б.), Оңтүстік Азия (Үндістан), Шығыс Азия (Қытай), Орта Азия (Хорезм), Батыс Еуропа (Германия) һәм Жерорта теңізінің жағалауындағы өңірлер мен елдердің (Испанияның Андалусия өңірі, Егей теңізі, Телемсен⁹ және т.б.) атаулары кездесе береді (Furat, 1979: 228–229). Жалпы алғанда, көрсетілген атаулар сол кездегі мұсылман әлемінің географиялық мәліметтерінің ауқымын көрсетеді.

Ахмет Субһи Фұраттың біздің тақырыпқа қосқан үлесі Абдуллах Қызылжықтың «Ahmet Suphi Furat ve Arap Dili ve Edebiyatına Dair Çalışmaları» («Ахмет Субһи Фұрат және оның араб

⁷ Шығарманың толық атауы – «Subhu l'Аша Фи Китабети л'Инша» (“Subhu l-a’şa fi kitabeti l-inşa”) (Furat, 1979: 228)

⁸ Йемене (Yemâne) – Сауд Арабиясы территориясының қақ ортасында орналасқан тарихи өңір (Bilge, 2013)

⁹ Телемсен (Telemsen, Tlemsen, Tilimsân) – Алжирдің солтүстік-батысында Мароккоға жақын жерде орналасқан қала мен әкімшілік ауданның атауы (Kavas, 2012)

тілі мен әдебиеті жөніндегі еңбектері») (Kızılcık, 2011) атты мақаласында да баяндалғандығын айта кету жөн. Бұл мақалада белгілі түрік зерттеушісінің Әл-Қалқашандидің өмір және шығармашылық жолы мен оның араб мәдениетінің дамуына қосқан үлесі көрсетіледі.

Әл-Қалқашанди жайында өмірбаяндық мәліметтер түрік ғалымы Мехмет Ипширлидің «Kalkaşendi» («Қалқашанди») (İpşirli, 2001) деп аталатын мақаласында талданған (İpşirli, 2001). Зерттеуші келтірген деректерге қарағанда, Әл-Қалқашанди Мысырдағы Каир қаласының жанында орналасқан Қалқашенде ауылында 1355 жылы дүниеге келді. Сосын Александрияда әдебиет, философия сияқты ғылымдармен, сондай-ақ мұсылмандардың күнделікті өміріндегі діни, құқықтық, экономикалық мәселелерді реттейтін «фикһ» («fikih») ілімімен айналысты. Сонымен бірге тарих, география, заңтану сынды пәндерден дәріс берді. 1389 жылы Каирге келгеннен кейін Диван-и Инша (Dîvân-ı İnşâ) мемлекеттік органына хатшы қызметіне (kâtibü'd-dest) кіріп ресми құжаттармен көп жылдар бойы жұмыс істеді. 1418 жылғы 15 шілде күні өмірден озды (İpşirli, 2001: 263).

Өзінің еңбегінде Мехмет Ипширли Әл-Қалқашанди жазған негізгі сегіз шығармасына қысқаша сипаттама берді. Әңгіме төмендегідей келтірілген туындылар жөнінде болып отыр:

а) «Hilyetü'l-faẓl ve zînetü'l-kerem fi'l-müfâhâre beyne's-seyf ve'l-қalem» («Қылыш пен қаламды салыстырғанда, ізгілік – әшекей, ал жомарттық – асыл тас») шығармасында әскери күш пен әкімшілік күш салыстырылады;

ә) «Şubhu'l-a'şâ fi şinâ'ati'l-inşâ» («Ресми хат алмасу өнеріндегі нұсқаулық») туындысы көркем жазу өнеріне арналған;

б) «Nihâyetü'l-ereb fi ma'rifeti ensâbi (қабâ'ili)'l-'Arab» («Арабтардың шежіресі мен тайпаларын білу мәселесінде түпкі мақсат») атты шығармада әліпби реті бойынша берілген араб тайпалары сипатталады;

в) «Қалâ'idü'l-cümân fi't-ta'rîf bi-қабâ'ili 'Arabi'z-zamân» («Арабтарды таныстырудағы інжу-маржан алқасы») деген шығарма араб тайпаларының шығу тегі мәселесіне арналған;

г) «Me'âşirü'l-inâfe fi me'âlimi'l-һilâfe» («Халифаттың нышандарына қатысты көрнекі сипаттамалар») – еңбекте халифаттың мән-мағынасы, халиф пен халық арасындағы қарым-қатынастар, халифтердің таққа отыруы сияқты мәселелер қарастырылады;

ғ) «Қаşide fi medһi'n-nebî» («Пайғамбарымызды мадақтау үшін жазылған өлең») – Мухаммед пайғамбарға арналған шығарма;

д) «el-Kevâkibü'd-dürriyye fi menâқibi'l-Bedriyye» («Аңыздардағы інжу-маржандардай жарқыраған жұлдыздар») – Мәмлүк кезеңінде Мысырда өмір сүрген мемлекеттік қайраткер, Диван-и Иншаны басқарған Кады Бедреддин ибн Алаеддин ибн Фазлуллахқа арналған трактат;

е) «Nazmu sûreti'l-Mü'euyed» («Муайедтің өмірін поэтикалық мазмұндау») еңбегі мәмлүк сұлтаны Шейх әл-Махмуд туралы (İpşirli, 2001: 264–265).

Осылайша, түрік тарихшыларының еңбектерінде Әл-Қалқашанди өмірінің негізгі кезеңдеріне және оның туындыларындағы ой-пікірлеріне байланысты жайттар көрініс тапты.

Әл-Қалқашандидің жоғарыда аталған «Şubhu'l-a'şâ» шығармасы – Осман империясының тарихын зерттеу үшін өте құнды құжат. Мәселен, Хасан Хүсейін Гүнеш «El-Kalkaşandi'nin Subhu'l-A'Şâ fi Sinâ'ati'l-Inşâ Adlı Eseri ve Osmanlı Tarihine Dair Muhtevası» («Әл-Қалқашандидің «Субһу'л-Аша фи Сина'ати'л-Инша» атты туындысы және Осман империясының тарихына қатысты мәліметтері») деп аталатын мақаласында IX ғасырдан кейін араб тілінде шыға бастаған энциклопедиялық еңбектерге көңіл бөледі. Мақала авторының пайымдауынша, «Субһу'л-Аша» – «Осман империясының тарихнамасына байланысты алғашқы туындылардың бірі» (Güneş, 2021: 72, 73). Түрік зерттеушісі осы шығарманы жан-жақты зерттей отырып, оның Таяу Шығыс елдерінің тарихы мен мәдениетіне қатысты көп мәлімет қамтитын деген қорытынды шығарады. Мысалы, Хасан Хүсейін Гүнештің айтуы бойынша, бұл шығарма Мысыр жайында, соның ішінде оның тұрғындары, этникалық құрамы және т.б. өте құнды материалдар қамтиды (Güneş, 2021: 82). Сонымен бірге Мысырмен шектелмей-ақ, автор Әл-Қалқашандидің Араб түбегіндегі Йемен, Бахрейн (Биләдү'л Бахрейн,

Йемаме), Үндістан және Солтүстік Африкадағы Мағриб, Тунис сияқты елдер мен тарихи өңірлер жайында мәліметтер бергендігіне назар аударады (Güneş, 2021: 85).

Біз жоғарыда атап өткендей, өзінің еңбегінде Хасан Хүсейін Гүнеш Әл-Қалқашандидің шығармасын талдай отырып, сонда Осман империясының тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ топонимикасына байланысты мәліметтер кездеседі. Мысалы, Хасан Хүсейін Гүнештің айтуы бойынша, сөз болып отырған автордың еңбегінде батыста орналасқан Ыстанбұлдан (Kostantîni) Арменияны (Erîmîniyye) қоса алғанда шығысқа қарай созылған Анадолы «Bilâdu'r-Rûm» («Римдіктердің елі») деп аталады. Сонымен бірге кейбір деректерге бұл территория «Bilâdu'd-Derbendât» («Тау жолдары елі») және «Bilâdu'l-Etrâk» («Түріктердің») деп аталады (Güneş, 2021: 87).

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген материал төмендегідей қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді. Біріншіден, түрік зерттеушілерінің еңбектерінде Әл-Қалқашанди, оның өмір және шығармашылық жолының ерекше ғылыми бағытқа айналғандығын көруге болады. Бұл ретте түрік ғалымдары атап өткендей, Әл-Қалқашанди зерттеген тақырыптар тарих және тарихи география, биология және т.б. сан алуан бағыттарды қамтитындықтан оның есімі мұсылман әлеміндегі энциклопедист зерттеушілердің қатарында тұрады. Екіншіден, түрік зерттеушілерінің пайымдауынша, Таяу Шығыс елдерінде, соның ішінде Мысырда да, Әл-Қалқашанди сынды энциклопедист ғұламалардың пайда болуына әлеуметтік-саяси, әлеуметтік мәдени, әлеуметтік-экономикалық және, ең бастысы, рухани ізденістер факторлары әсер етті. Бұл жайт – Мұсылмандық Шығыс елдерінің дамуы жоғары деңгейге көтерілгендігіне айқын дәлел. Үшіншіден, түрік тарих ғылымында нақты көрсетілгендей, өзінің шығармаларында Әл-Қалқашанди әртүрлі зерттеу бағыттарының әлеуметтік маңызын анықтай отырып, іс жүзінде бірқатар қолданбалы мәселелерді дамытуға негіз қалады.

Жалпы алғанда, Әл-Қалқашанди және оның шығармалары орта ғасырлардағы Мұсылмандық Шығыстағы ғылымның дамуына елеулі үлес қосты.

Әдебиеттер:

Жузбаева, Ильясова, 2024 – Жузбаева Ұ.Д., Ильясова З.С. Труд Аль-Калқашанди (XV в.) «Субх аль-Аша фи Синаат аль-Инша» как источник исторической географии Золотой Орды // Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. 2024. № 3 (114). С. 50–65.

Матвиевская, 1967 – Матвиевская Г.П. Учение о числе на средневековом на Ближнем и Среднем Востоке. Ташкент: Изд. «Фан» Узб. ССР, 1967. 343 с.

Матвиевская, Розенфельд, 1983 – Матвиевская Г.П., Розенфельд Б.А. Математики и астрономы мусульманского средневековья и их труды (VIII–XVII вв.). Москва: Наука, 1983. 372 с.

Историография и источниковедение..., 1999 – Историография и источниковедение истории стран Азии и Африки. Ленинград: Изд. Ленинградск. унив-та, 1999.

Aslan, 2021 – Aslan Abdulğalip. Eyyûbîler Döneminde Fıkıh Eğitimi // Din ve Bilim – Muş Alparslan Üniversitesi İslami İlimler Fakültesi Dergisi. 2021. Aralık. 4 (2). Sf. 150–175.

Atik, 2016 – Atik Hasan. R. Şeşen (Ed.), Müslümanlarda Tarih-Coğrafya Yazıcılığı. İstanbul 1998. İSAR Vakfı Yayınları, 454 sayfa (3 harita ile birlikte) // Eleştiri ve Çeviri. 2016. Vol. II. Sf. 143–145.

Bilge, 2013 – Bilge Mustafa. Yemâme // İslam Ansiklopedisi. 2013. Cilt. 43. Sf. 399–400.

Civelek, 2012 – Civelek Yakup. Kâbe Örtüsünün Değiştirilmesi Bağlamında Orta Doğu'da Osmanlı Dönemi Nüfuz Mücadelesi ve Bunun Arap Basınına Yansımaları // ICANAS: Uluslararası

Asya ve Kuzey Afrika Çalışmaları Kongresi, 10-15.2007, Ankara, Bildiriler, Tarih ve Medeniyetler Tarihi. Ankara: Atatürk, Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu, 2012. Cilt. II. Sf. 847–864.

Emecen, 1999 – *Emecen Feridun M.* Osmanlı Kronikleri ve Biyografi // İslâm Araştırmaları Dergisi. 1999. Sayı. 3. Sf. 83–90.

İpşirli, 2001 – *İpşirli Mehmet.* Kalkaşendi // İslam Ansiklopedisi. 2001. Cilt. 24. Sf. 263–265.

İslam, Kazan, 2024 – *İslam Sunullah, Kazan Ramazan.* Memlûkler Dönemi Divan Kâtiplerinden El-Kalkaşendi'nin Arap Dili ve Edebiyatına Yaklaşımı // Süleyman Demirel Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. 2024. Yıl. 1. Sayı. 48. Sf. 225–249.

Fâtımî ve Memlûkî..., 2026 – Fâtımî ve Memlûkî Dönemi Uygurluğu ve Kaynakları // <https://acikders.ankara.edu.tr/course/section.php?id=100711>

Furat, 1979 – *Furat Ahmet Subhi.* İslam Edebiyatında Ansiklopedik Eserler (h. IV. – IX./m. X. – XV. asırlar) // İslam Tetkikleri Enstitüsü Dergisi. İstanbul, 1979. Cilt. VII. Cüz. 3–4. Sf. 211–232.

Güneş, 2021 – *Güneş Hasan Hüseyin.* El-Kalkaşendi'nin Subhu'l-A'Şâ fi Sinâ'Ati'l-İnşâ Adlı Eseri ve Osmanlı Tarihine Dair Muhtevası // Tariyazımı. 2021. 3 (1). Sf. 69–93.

Kafesoğlu, 1956 – *Kafesoğlu İbrahim.* Kalkaşandi'nin Bilinmeyen Bir Eseri: Meâsirü'l-İnâfe // İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Tarih Dergisi. İstanbul, 1956. Sayı. 11–12. Sf. 99–104.

Kanat, 2006 – *Kanat Cüneyt.* Memlûk Kaynaklarındaki Osmanlı İmajının Değişim Süreci // Tarih İncelemeleri Dergisi. 2006. Cilt. XXI. Sayı. 1. Temmuz. Sf. 123–134.

Kavas, 2012 – Kavas Ahmet. Tilimsân // İslam Ansiklopedisi. 2012. Cilt. 41. Sf. 159–163.

Kazan, 2003 – *Kazan Ramazan.* El-Kalkaşandi'nin Subhu'l-a 'Şa Adlı Eseri ve Edebi Özellikleri // Nüsha. 2003. Yıl. III. Sayı. 8. Kış. Sf. 107–128.

Kızılıçık, 2011 – *Kızılıçık Abdullah.* Ahmet Suphi Furat ve Arap Dili ve Edebiyatına Dair Çalışmaları // Şarkiyat. 2011. № 10. Sf. 41–51.

Muslu, 2016 – *Muslu Cihan Yüksel.* Osmanlılar ve Memlûklular. İslam Dünyasında İmparatorluk Diplomasisi ve Rekabet / Çev. Zeynep Rona. İstanbul: Kitap Yayınevi LTD., 2016. 333 s.

Şeşen, 1998 – *Şeşen Ramazan.* Müslümanlarda Tarih-Coğrafya Yazıcılığı. İstanbul: İSAR Vakfı Yayınları, 1998. 454 s. <https://archive.org/details/Ramazaneen.MslmanlardaTarih-CorafyaYazcl1998/page/n17/mode/2up>

Solak, 2012 – *Solak Kürşat.* Memlûk Devleti ve Kuzey Anadolu // Trakya Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Dergisi. 2012. Cilt. 2. Sayı. 3. Ocak. Sf. 109–121.

Tekindağ, 1992 – *Tekindağ Şehabeddin.* Berkuk // İslam Ansiklopedisi. 1992. Cilt. 5. Sf. 511–512.

Zhuzbayeva, 2025a – *Zhuzbayeva U.D.* Comparative analysis of geographical information in Subh al-Asha and other sources of the era // Қазақстан шығыстануы. 2025. № 1. T.13. C. 272–284.

Zhuzbayeva, Ilyassova, 2025b – *Zhuzbayeva U.D., Ilyassova Z.S.* Methods of description of cities and regions in «Subh al-Asha» and their significance for historical geography // Al-Farabi Kazakh National University. Bulletin of history. 2025. № 2 (117). P. 102–112.

References:

Zhuzbaeva, Ilyassova, 2024 – *Zhuzbaeva Y.D., Ilyassova Z.S.* Trud Al-Qalqashandi (XV v.) «Subh al-Asha fi Sinaat al-Insha» kak istochnik istoricheskoy geografii Zolotoj Ordy [Al-Qalqashandi's work (15th century) "Subh al-Asha fi Sinaat al-Insha" as a source of historical geography of the Golden Horde] // Vestnik Kazahskogo nacional'nogo universiteta imeni al-Farabi. 2024. № 3 (114). P. 50–65. (in Rus)

Matvievskaya, 1967 – *Matvievskaya G.P.* Uchenie o chisle na srednevekovom na Blizhnem i Srednem Vostoke [The doctrine of number in the Middle East]. Tashkent: Izd. «Fan» Uzb. SSR, 1967. 343 p. (in Rus)

Matvievskaya, Rozenfeld, 1983 – *Matvievskaya G.P., Rozenfeld B.A.* Matematiki i astronomiy musul'manskogo srednevekov'ya i ih trudy (VIII–XVII vv.) [Mathematicians and astronomers of the Muslim Middle Ages and their works (8th–17th centuries)]. Moskva: Nauka, 1983. 372 p. (in Rus)

Istoriografiya i istochnikovedenie..., 1999 – Istoriografiya i istochnikovedenie istorii stran Azii i Afriki [Historiography and source studies of the history of Asian and African countries]. Leningrad: Izd. Leningradsk. univ-ta, 1999. 42-43 (in Rus)

Aslan, 2021 – *Aslan Abdulğalip.* Eyyübîler Döneminde Fıkıh Eğitimi [Fiqh Education in the Ayyubid Period] // Din ve Bilim – Muş Alparslan Üniversitesi İslami İlimler Fakültesi Dergisi. 2021. Aralık. 4 (2). P. 150–175. (in Tur)

Atik, 2016 – *Atik Hasan.* R. Şeşen (Ed.), Müslümanlarda Tarih-Coğrafya Yazıcılığı. İstanbul 1998. İSAR Vakfı Yayınları, 454 sayfa (3 harita ile birlikte) [Şeşen (Ed.), History and Geography Writing Among Muslims. Istanbul 1998. İSAR Foundation Publications, 454 pages (with 3 maps)] // Eleştiri ve Çeviri. 2016. Vol. II. P. 143–145. (in Tur)

Bilge, 2013 – *Bilge Mustafa.* Yemâme [Yemâme] // İslam Ansiklopedisi. 2013. Cilt. 43. Sf. 399–400. (in Tur)

Civelek, 2012 – *Civelek Yakup.* Kâbe Örtüsünün Değiştirilmesi Bağlamında Orta Doğu'da Osmanlı Dönemi Nüfuz Mücadelesi ve Bunun Arap Basınına Yansımaları [The Ottoman-Era Struggle for Influence in the Middle East in the Context of the Changing of the Kaaba's Cover and its Reflections in the Arab Press] // ICANAS: Uluslararası Asya ve Kuzey Afrika Çalışmaları Kongresi, 10-15.2007, Ankara, Bildiriler, Tarih ve Medeniyetler Tarihi. Ankara: Atatürk, Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu, 2012. Cilt. II. P. 847–864. (in Tur)

Emecen, 1999 – *Emecen Feridun M.* Osmanlı Kronikleri ve Biyografisi [Ottoman Chronicles and Biographies] // İslâm Araştırmaları Dergisi. 1999. Sayı. 3. P. 83–90. (in Tur)

İpşirli, 2001 – *İpşirli Mehmet.* Kalkaşendi [Qalqashandi] // İslam Ansiklopedisi. 2001. Cilt: 24. P. 263–265. (in Tur)

İslam, Kazan, 2024 – *İslam Sunullah, Kazan Ramazan.* Memlûkler Dönemi Divan Kâtiplerinden El-Kalkaşendi'nin Arap Dili ve Edebiyatına Yaklaşımı [The Approach of Al-Qalqashandi, a Scribe of the Mamluk Period Court, to Arabic Language and Literature] // Süleyman Demirel Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. 2024. Yıl. 1. Sayı. 48. Sf. 225–249. (in Tur)

Fâtîmî ve Memlûkî..., 2026 – Fâtîmî ve Memlûkî Dönemi Uygarlığı ve Kaynakları [Civilization and Sources of the Fatimid and Mamluk Periods] // <https://acikders.ankara.edu.tr/course/section.php?id=100711> (in Tur)

Furat, 1979 – *Furat Ahmet Subhi.* İslam Edebiyatında Ansiklopedik Eserler (h. IV. – IX./m. X. – XV. asırlar) [Encyclopedic Works in Islamic Literature (4th-9th centuries AH / 10th-15th centuries AD)] // İslam Tetkikleri Enstitüsü Dergisi. İstanbul, 1979. Cilt. VII. Cüz. 3–4. P. 211–232. (in Tur)

Güneş, 2021 – *Güneş Hasan Hüseyin.* El-Kalkaşendi'nin Subhu'l-A'Şâ fi Sinâ'Ati'l-İnşâ Adlı Eseri ve Osmanlı Tarihine Dair Muhtevası [Al-Qalqashandi's work, Subhu'l-A'Sha fi Sina'ati'l-Insha, and its content regarding Ottoman history] // Tariyazımı. 2021. 3 (1). P. 69–93. (in Tur)

Kafesoğlu, 1956 – *Kafesoğlu İbrahim.* Kalkaşendi'nin Bilinmeyen Bir Eseri: Meâsirü'l-Inâfe [An Unknown Work by Qalqashandi: Meâsirü'l-Inâfe] // İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Tarih Dergisi. İstanbul, 1956. Sayı. 11–12. P. 99–104. (in Tur)

Kanat, 2006 – *Kanat Cüneyt.* Memlûk Kaynaklarındaki Osmanlı İmajının Değişim Süreci [The Process of Change in the Image of the Ottomans in Mamluk Sources] // Tarih İncelemeleri Dergisi. 2006. Cilt. XXI. Sayı. 1. Temmuz. P. 123–134. (in Tur)

Kavas, 2012 – *Kavas Ahmet.* Tilimsân [Tilimsân] // İslam Ansiklopedisi. 2012. Cilt. 41. Sf. 159–163. (in Tur)

Kazan, 2003 – *Kazan Ramazan.* El-Kalkaşendi'nin Subhu'l-a 'Şa Adlı Eseri ve Edebî Özellikleri [Al-Qalqashandi's work, Subhu'l-a'sha, and its literary characteristics] // Nüsha. 2003. Yıl. III. Sayı. 8. Kış. P. 107–128. (in Tur)

Kızılcık, 2011 – *Kızılcık Abdullah*. Ahmet Suphi Furat ve Arap Dili ve Edebiyatına Dair Çalışmaları // *Şarkiyat*. 2011. № 10. P. 41–51. (in Tur)

Muslu, 2016 – *Muslu Cihan Yüksel*. Osmanlılar ve Memlûklular. İslam Dünyasında İmparatorluk Diplomasisi ve Rekabet / Çev. Zeynep Rona [The Ottomans and the Mamluks: Imperial Diplomacy and Competition in the Islamic World / Translated by Zeynep Rona]. İstanbul: Kitap Yayınevi LTD., 2016. 333 p. (in Tur)

Şeşen, 1998 – *Şeşen Ramazan*. Müslümanlarda Tarih-Coğrafya Yazıcılığı [Historiography and Geography Among Muslims]. İstanbul: İSAR Vakfı Yayınları, 1998. 454 p. (in Tur)

Solak, 2012 – *Solak Kürşat*. Memlûk Devleti ve Kuzey Anadolu [The Mamluk State and Northern Anatolia] // *Trakya Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Dergisi*. 2012. Cilt. 2. Sayı. 3. Ocak. P. 109–121. (in Tur)

Tekindağ, 1992 – *Tekindağ Şehabeddin*. Berkuk [Berkuk] // *İslam Ansiklopedisi*. 1992. Cilt. 5. Sf. 511–512. (in Tur)

Zhuzbayeva, 2025a – *Zhuzbayeva U.D.* Comparative analysis of geographical information in Subh al-Asha and other sources of the era // *Қазақстан шығыстануы*. 2025. № 1. Т.13. С. 272–284.

Zhuzbayeva, Ilyassova, 2025b – *Zhuzbayeva U.D., Ilyassova Z.S.* Methods of description of cities and regions in «Subh al-Asha» and their significance for historical geography // *Al-Farabi Kazakh National University. Bulletin of history*. 2025. № 2 (117). P. 102–112.

*¹Жузбаева У.Д., ²Ильясова З.С.

¹Қазақстан Республикасының Ұлттық Ақпарат және Әлеуметтік Қатынастар Министрлігі, Алматы, Қазақстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹uldanai1994@mail.ru, ²zibagulilyasova@gmail.com

АЛЬ-КАЛКАШАНДИ И ЕГО СОЧИНЕНИЯ В ТРУДАХ ТУРЕЦКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Аннотация. Статья посвящена анализу творческого пути Аль-Калкашанди, жившего в Египте в период второй половины XIV века – первой половины XV века, в трудах турецких историков. В научных публикациях турецких ученых анализируется вклад этой исторической личности в культуру и исследовательские направления Ближнего Востока в средние века. Цель статьи – провести анализ вклада Аль-Калкашанди в развитие исследований в работах турецких ученых. Для достижения поставленной цели необходимо выполнить следующие задачи: а) выявить факторы, повлиявшие на жизненный путь Аль-Калкашанди; б) изучить особенности творчества этой исторической фигуры; в) показать социальную значимость произведений Аль-Калкашанди. Научные методы, использованные при написании статьи, делятся на две группы: а) общенаучные методы анализа и синтеза; б) просопографические и историко-генетические методы, относящиеся к специальным историографическим методам, а также метод библиографического поиска. Эти методы способствуют достижению поставленной цели. В результате проведенного исследования авторы статьи приходят к выводу, что Аль-Калкашанди внес значительный вклад в развитие культуры Ближнего Востока, включая историю, каллиграфию, историческую географию и другие социальные сферы. Выводы. Учитывая энциклопедический характер трудов Аль-Калкашанди, можно сказать, что эта историческая фигура раскрыла социальные корни многих исторических процессов и явлений.

Благодарность: Данная статья написана в рамках выполнения научного проекта AP22682863 «Труд аль-Калкашанди (XV в.) “Субх аль-аша фи сина’ат аль-инша” как источник исторической географии Золотой Орды».

Ключевые слова: Аль-Калкашанди, турецкая историография, историческая география, средневековые путешественники, история Турции, Ближний Восток, история Египта, государство мамлюков

*¹Zhuzbayeva U., ²Ilyassova Z.

¹ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

² L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹uldanai1994@mail.ru, ²zibagulilyasova@gmail.com

AL-QALQASHANDI AND HIS WORKS IN THE WORKS OF TURKISH RESEARCHERS

Abstract. The article is devoted to the analysis of the creative path of Al-Qalqashandi, who lived in Egypt during the second half of the 14th century - the first half of the 15th century, in the works of Turkish historians. Scientific publications by Turkish scientists analyze the contribution of this historical figure to the culture and research trends of the Middle East in the Middle Ages. The purpose of the article is to analyze the contribution of Al-Qalqashandi to the development of research in the works of Turkish scientists. To achieve this goal, it is necessary to complete the following tasks: a) identify the factors that influenced the life path of Al-Qalqashandi; b) study the features of the work of this historical figure; c) show the social significance of Al-Qalqashandi's works. The scientific methods used in writing the article are divided into two groups: a) general scientific methods of analysis and synthesis; b) prosopographic and historical-genetic methods related to special historiographic methods, as well as the method of bibliographic search. These methods help achieve the goal. As a result of the study, the authors of the article come to the conclusion that Al-Qalqashandi made a significant contribution to the development of the culture of the Middle East, including history, calligraphy, historical geography and other social spheres. Considering the encyclopedic nature of Al-Qalqashandi's works, we can say that this historical figure revealed the social roots of many historical processes and phenomena.

Acknowledgement: This article was written within the framework of project AP22682863, "Al-Qalqashandi's (15th century) work Subh al-A'sha fi Sina'at al-Insha as a source on the historical geography of the Golden Horde.

Keywords: Al-Qalqashandi, Turkish historiography, historical geography, medieval travelers, history of Türkiye; the Middle East, Egyptian history, the Mamluk Empire

Авторлар туралы мәлімет:

Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызы – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми қызметкері, постдокторант «Жас ғалым», Алматы, Қазақстан.

Ильясова Зибатул Сулейменовна – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Жузбаева Улданай Дуйсеновна (автор-корреспондент) – PhD, научный сотрудник Казахского национального университета имени аль-Фараби, постдокторант «Жас ғалым» Алматы, Казахстан.

Ильясова Зибатул Сулейменовна – кандидат исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Zhuzbayeva Uldanay (corresponding author) – PhD, researcher at al-Farabi Kazakh National University, postdoctoral fellow «Zhas galym», Almaty, Kazakhstan.

Ilyassova Zibagul Suleimenovna – candidate of historical sciences, professor of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

*Келін түсті 18 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 5 мамыр 2026 жыл*